

## **Ақсу қаласы Алғабас ауылдық округінің Алғабас ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы**

Павлодар облысы Ақсу қаласы Алғабас ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 1-03/03 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 наурызда № 6759 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Алғабас ауылдық округінің Алғабас ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Алғабас ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Алғабас ауылдық округінің Алғабас ауылындағы келесі көшелері:  
"Коммунистическая" көшесі "Бәйтерек" көшесі болып;  
"Луговая" көшесі "Ертіс" көшесі болып;  
"Мир" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесі болып;  
"Набережная" көшесі "Қарғалы" көшесі болып;  
"Новоселов" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі болып;  
"Садовая" көшесі "Ақсу" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алғабас ауылдық округінің әкімі*

*М. Валитов*